



**Ұлы Жеңіске 75 жыл**  
**«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс»**





# Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігі есімізде!

«Халқымыз Ұлы жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Отандастарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасып, олардың жартысынан жуығы елге қайтып оралмады. Жауынгерлеріміздің батырлығы мен қайтпас қайсарлығы Жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік берді.

Тыл еңбеккерлерінің жанкештілігінің арқасында Қазақстан майдан даласына орасан зор көмек көрсетті. Соғыс жылдары елімізге жүздеген зауыттар мен фабрикалар көшірілді. Майданға мыңдаған вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді.

Аға буынның теңдессіз ерлігін құрметтеп, зұлмат соғыстың зардаптарын ұмытпау – біздің қастерлі борышымыз».

*Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев*





**«Соғыс – халықтың күш-қуатын, ерлік-  
жігерін сынайтын ұлы емтихан»**

**Б. Момышұлы**





# Мұрағаттан алынған суреттер



**«1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Ұлы Отан соғысы басталды»** – дәл осындай хабарлама Кеңес Одағының әр бұрышында радиодан жарияланды.







# Мұрағаттан алынған суреттер





## 9 мамыр – Жеңіс күні

*Шүйінші, халқым, шүйінші!  
Шүйіншіге сүйінші!  
Шаттан, ата-анамыз,  
Шаттан, аға-бабамыз,  
Кек қайтарып фашистен,  
Соғыс бітті жеңіспен,  
Жеңдік жауды күресте  
Жасалсын той-мереке.*

*Т. Жароков*







# Соғыс жылдарындағы газет беттерін парақтағанда...

(Кітапхана қорынан)





# Соғыс жылдарындағы газет беттерін парақтағанда...

(Кітапхана қорынан)







## Ардагерлерге

Бауыржандай атамыз бар айбатты,  
Әлиядай тәтеміз бар қайратты.  
Елімізді жаудан аман құтқарып,  
Фашистерді бабаларым қиратты.  
Осы күнге аман-есен жеткенге,  
Мың да бір рахмет, бабаларым сендерге.  
Ақыл-ойын, даналығын жеткізген,  
Үйретеді ұстаздар ғой біздерге.  
Қырқыншы жылдардағы соғыстың,  
Зорлығы мен зомбылығын көріпсің.  
Қазір, міне, 21 ғасырдың  
Дамуына үлесінді қосыпсың.  
Сонау қанды қырқыншы жылдарғы,  
Ескерткіштер ұмытылмай тұр мәңгі.  
Алау жағып, дұға оқып кетерміз,  
Есімізде мәңгі сақтап жүрерміз.

*Нұрсұлтан Абдуллаұлы*

**Батырларды еске алайық**





# ТАЛҒАТ ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ БИГЕЛДИНОВ




Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов - Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері.

Талғат Бигелдинов Кеңес Одағының батыры атағын алғаш рет 1944 жылғы 26 қазанда, екінші рет 1945 жылдың 27 маусымында алды. Жалпы саны 305 рет әскери ұшу жасаған. Ол 15 топтық әскери соғысқа қатыса отырып, жалғыз өзі ондаған жау ұшағын жарамсыз еткен. Украина, Курск доғасы, Прага және Берлинде өткен жойқын соғыстарға қатысқан.





## ИВАН ПАВЛОВ ФОМИЧ



Павлов Иван Фомич – ұшқыш, майор (1948), 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры (4.2.1944 және 23.2.1945 жылдары). Ұшқыш, аға ұшқыш, звено командирі, авиаэскадрильяның командирі, штурмандар авиаполкінің штурманы болды. 200-ден аса әуе шабуылына қатысып, жеке өзі жаудың 3 ұшағын атып түсірді. Жауынгерлік міндетін атқару үстінде қазаға ұшырады. 2 рет Ленин, 2 мәрте Қызыл Ту, Александр Невский, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған.





# БЕДА ЛЕОНИД ИГНАТЬЕВИЧ



Беда Леонид Игнатьевич – авиация генерал-лейтенанты (1972), ұшқыш-шабуылдаушы. Сталинград, Донбасс, Таганрог, Кенигсберг қалаларын азат ету шайқастарына қатысты. 75-гвардиялық авиациялық шабуылдаушы полктің эскадрилья командирі 1944 жылдың сәуіріне дейін 109 рет әскери тапсырмамен жау әскері шоғырланған жерлер мен бекіністерін шабуылдады. Осы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. (26.10.1944). 3-Беларусь майданы, 1-әуе армиясы, 1-гвардиялық шабуылдаушы авиациялық дивизия командирінің орынбасары бола жүріп, 105 әскери тапсырманы орындап, екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (29.6.1945).



# СЕРГЕЙ ЛУГАНСКИЙ



**Сергей Луганский** – ұшқыш, Кеңес Одағының батыры, жазушы.

1943 жылдың тамызында 270-авиациялық атқыштар полкінің эскадрилья командирі Сергей Луганский 221 рет әуеге көтеріліп, 18 жау ұшағын әрі ұшқыштар тобымен бірігіп, 1 фашист ұшағының көзін жояды.

1943 жылдың 2 қыркүйегінде жаумен шайқаста көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағын алады.

1944 жылдың 1 шілдесінде Украина бірінші майданының бас қолбасшысы, маршал Иван Коневтің жеке нұсқауымен "Алтын жұлдыз" медалін иеленді. Ал осы жылдың 1 шілдесінде екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атанады. Бұл уақытта қазақстандық ұшқыш 355 рет әуеге көтеріліп, жаудың 33 ұшағын атып құлатыпты.



# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ



Батыс майданындағы 16 армияның 316-шы (1941 жылдың қарашасынан бастап 8-гвардиялық) Қызылту атқыштар дивизиясы 1073-ші атқыштар полкінің (1941 жылдың қарашасынан 19-шы Гвардия полкі) және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизияның құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап болды. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері Вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матренино деревнясының жанында Волоколамск тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді.





# МӘНШҮК МӘМЕТОВА

Мәншүк Мәметова – Калинин майданындағы 100-ші атқыштар дивизиясының пулеметшісі, аға лейтенант. Қазақ қыздарының арасынан тұңғыш болып Кеңес Одағының батыры атанды. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қыркүйегінен бастап алынған. Алғашында 100-ші қазақ атқыштар дивизиясының хатшысы, кейін медбикесі болды. Кейін пулеметшілер курсы аяқтайды. 1943 жылдың 15 қазаны күні басынан ауыр жарақат алғанына қарамастан, ерліктің үлгісін көрсетіп, пулеметпен жаудың 70-тен аса сарбазының көзін жояды. Сол шайқаста ол ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылдың 1 наурызында Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының батыры атағы берілді.





# ӘЛИЯ НҰРМҰХАМЕДҚЫЗЫ МОЛДАҒҰЛОВА



Әлия өз өтініші бойынша 17 жасында 1943 жылдың тамыз айында майданға аттанды.

1943 ж. Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты).

Осы жылдың қазанында мерген қыз 32 жау солдаты мен офицерінің көзін жойған. 1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосokolьники ауданында қаза тапты. Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.



# МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН

Мәлік Ғабдуллин майданда Иван Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияда шайқасады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік әскерлердің біразына басшылық етеді. Ол басқарған сарбаздар фашистерге жойқын соққы береді. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқастарда стратегиялық маңызы зор Бородино селосын жаудан тазартуда ерлігімен көзге түседі.

Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі танкісін гранатамен жарып, 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік Ғабдуллин жарақат алады. Соған қарамастан, ол шабуылды тоқтатпайды. Осы ерлігі үшін 1943 жылдың 30 қаңтарында Мәлікке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Оған қоса, Ленин ордені және Алтын жұлдыз медалімен марапатталды.





# НҰРКЕН ӘБДІРОВ

Әскери ұшқыш-штурмовик, сержант, Кеңес Одағының батыры (1943 ж. қаза болған соң берілген).

16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 жүк автомобилін, оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зеңбірегін жойып, 50-ден астам неміс солдаты мен офицерін жер күштырған. Н. Әбдіров жаудың Сталинград шебіне енетін Боков-Пономаревка ауданындағы қорғаныс бекінісі мен шоғырланған танкілерін жою үшін әуеге көтеріледі. Тапсырманы орындау кезінде Н. Әбдіров бірнеше дзотты, зенит артиллериясының 2 нүктесін, 6 танкті жойды, бірақ өзінің ұшағы да зақымданды. Жалын шарпыған ұшағын жау техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап, капитан Н.Ф. Гастелло сияқты қаһармандықпен қаза тапты.



# Батурин Александр

Соғыс басталғаннан бері 61-авиация бригадасының 71-ші авиация полкі командирінің орынбасары болды. 1941 жылдың 21 тамызында Эстонияның астанасы Таллинде жаудың 20 бомба тастаушы ұшақтарымен алғаш рет шайқасты. Әсіресе Ленинград үшін болған шайқаста дұшпанның 4 ұшағымен ұрыс жүргізіп, ерекше ерлік көрсетті. Батурин 8 ұшақтан тұратын топты басқарып, 3 неміс ұшағын жойды. 24-сәуірдегі Ленинград үшін шайқаста жаудың 3 ұшағын атып түсіріп, 3 соғыс кемесін суға батырды, 40 зенитті пулемет ұясын, 3 батареясын, әскерлер мен соғыс жүктері тиелген 42 автокөлігін, ауада бақылайтын 3 аэростатын, 4 оқ-дәрі қоймасын жойып жіберді. 1942 жылы 23 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



# Хиуаз Доспанова

Екінші дүниежүзілік соғысының қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы.

Хиуаз Доспанова қызмет еткен полк Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысқан. Қазақ қызы қан майданда 300-ден аса жауынгерлік операция орындап, аса маңызды жау шебін талқандайды.

Соғыстағы ерліктері үшін батыр қыз «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендері мен «Кавказды азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарын иеленіп, әскери атағы аға лейтенант шеніне дейін өседі.





# СҰЛТАН БАЙМАҒАМБЕТОВ



1940 жылы әскер қатарына алынып, 1941 жылдың маусым айынан бастап Ұлы Отан соғысына аттанды.

Алдымен мергендер ротасында, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінде қызмет етті. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) түбіндегі ұрыстарда 50-ден астам дұшпанның көзін жойды. Өзі де 4 рет жараланған. 1943 жылы 25 шілде күні болған шайқаста жау дзотын кеудесімен жауып тұншықтырып, ерлікпен қаза тапты.

1944 жылы 21 ақпанда Сұлтан Баймағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.





# Сағадат Нұрмағамбетов



1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Польша, Германия, Молдова, Украина, 1-ші Белорус, Солтүстік Кавказ майдандарына қатысып, Гитлердің канцеляриясын шабуылдауға атсалысқан. Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының батыры атағынан бөлек, Армия генералы, Халық қаһарманы атақтары берілген. Сондай-ақ, Сағадат Нұрмағамбетов Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде тарихта қалған.





## Рақымжан Қошқарбаев



Осыдан 75 жыл бұрын 30-шы сәуір күні қазақтың қайсар ұлы Рақымжан Қошқарбаев жойқын соғыстың соңғы нүктесін қойғандардың бірі болды. Лейтенант Рақымжан Қошқарбаев пен жауынгер Григорий Булатов 150-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлік іс журналына сәйкес сағат түскі 15:00 шамасында халық туын тікті. Тарихи ерлігін батырымыз небәрі 21 жасында жасаған. Рейхстагқа ту тіккені үшін батыр «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденінің иегері болды. Ал 1999 жылы «Халық қаһарманы» атанды.









# Қазақ жауынгерлерінің ерлігі туралы газет беттерінде жариялануы







# Әл-Фараби кітапханасы қорындағы соғыс жылдарындағы басылымдар







# Әл-Фараби кітапханасы қорынан






# Әл-Фараби кітапханасы қорынан








# Әл-Фараби кітапханасы қорынан





# Әл-Фараби кітапханасы қорынан







# Әлия мен Мәншүк жайлы деректі фильмдер

Батырлар елі. Алия Молдағұлова

[https://www.Youtube.Com/watch?V=sotq\\_bhsxme](https://www.Youtube.Com/watch?V=sotq_bhsxme)

Алтын қор: Әлия Молдағұлова

<https://www.Youtube.Com/watch?V=vdmged5ccbww>

Қазақтың батыр қызы - Мәншүк Мәметова

<https://www.Youtube.Com/watch?V=xa90vsbqtme>

Қазақтың батыр қыздары

<https://www.Youtube.Com/watch?V=vxg7lancyhs>





# Ұлы Отан соғысы туралы фильмдер



<https://brod.kz/kz/articles/72-filma-o-vojne-chast-1-kz/>



[https://www.youtube.com/watch?v=NWos\\_AZQwPA](https://www.youtube.com/watch?v=NWos_AZQwPA)



<https://megogo.net/ru/view/3811051-snaypery.html>



<https://www.youtube.com/watch?v=PB-9MdfwmJs>



<https://www.youtube.com/watch?v=E1sFJ5U7GTA>



<https://www.youtube.com/watch?v=-GyIRwKUnc4>  
(әл-Фараби арнасы)







# Өлмес полк

«Өлмес полк» – Екінші дүниежүзілік соғыс ұрпағының жеке жадын сақтауға арналған халықаралық қоғамдық азаматтық-патриоттық қозғалыс. Жеңіс күніне қатысушылар жыл сайын қала көшелерімен өздерінің туыстарының есімдерін мәңгі қалдыру үшін – армия мен флоттың ардагерлері, партизандар, қарсыласушылар, тыл еңбеккерлері, концлагерьлердің тұтқындаушылары, блокадалар, соғыс балалары суреттерімен шеру өткізеді.



COVID -19 коронавирус пандемиясына байланысты «Өлмес полк» халықаралық науқаны 2020 онлайн режимінде өткізіледі.

#БессмертныйПолк2020 #75летПобеде #МыПомним #СпасибоЗаПобеду  
#БессмертныйПолкДома #Ветераны

